

№1 (38) наурыз/март 2018

КАРЖЫ - ЭКОНОМИКАЛЫК ЖУРНАЛ  
ФИНАНСОВО - ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
FINANCIAL - ECONOMIC JOURNAL

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ

# МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ



## Немір тақырыбы:

Мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттарын қолдану мәселелері

## Тема номера:

Вопросы применения международных стандартов государственного аудита

# МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

**НОВОСТИ/ЖАҢАЛЫҚТАР** .....8

## **ТЕМА НОМЕРА/НӨМІР ТАҚЫРЫБЫ**

Вопросы применения международных стандартов государственного аудита

Нугербеков С.Н. .... 24

## **СЧЕТНЫЙ КОМИТЕТ/ЕСЕП КОМИТЕТІ**

Проблемные аспекты аудита формирования и использования Национального фонда Республики Казахстан

Кари А.М./ Кулмурзинова Г.А. .... 36

## **ПУБЛИКАЦИИ ЗАРУБЕЖНЫХ АВТОРОВ ШЕТЕЛДІК АВТОРЛАРДЫҢ ЖАРИЯЛЫМДАРЫ**

Современный аудит: проблемы и перспективы

Горегляд В.П. .... 40

## **РГП "ЦИФН"/"ҚБЗО" РМК**

О методологии государственного аудита эффективности налогового администрирования

Касымова К. М./ Молдабаев К. А. .... 48

## **ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ/МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ**

Аудит (контроль) эффективности использования средств бюджета

Республики Казахстан и его результативность

Молдашев А.Т. .... 51

Пути совершенствования деятельности ревизионных комиссий

Аширова Н.К. .... 55

Особенности экологического аудита в международной практике

Өтеміс Ж.Е. .... 59

Аудит эффективности предприятий государственного сектора Республики Казахстан

Бегленова А.А. .... 62



## **Обращение Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева к народу "Пять социальных инициатив Президента"**

### **Құрметті қазақстандықтар!**

Наурыз айының еліміздің Тәуелсіздік күнгізбесінде ерекше орны бар.

Көктемнің алғашқы күнінде біз Алғыс айту күнін атап өтеміз.

Сонымен бірге, бұл – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы шуақты көктем айының еншісінде.

Қымбатты әйелдерімізді де мерекесімен наурыз айында құттықтаймыз.

Осы ізгі оқиғалардың бәрі Қазақстан халқын біріктіре түседі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы да осыған бағытталған.

Біз елдің бірлігі мен мемлекеттің сындарлы саясатының арқасында барлық сынақтардан абыроймен өттік.

Ел иесі қазақ халқының маңына ұйысқан барша этностар оны жоғары бағалайды.

Бүгінде Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл және

Оңтүстік Қазақстан облыстарында «Қазақ еліне мың алғыс» атты монументтер бой көтерген.

Осынау ізгі бастамалар халқымыздың кең пейілі мен дархан көңілін көрсетеді.

Жақсылықты жадында сақтай білген елдің рухы қашан да биік.

### **Уважаемые казахстанцы!**

Март – особый месяц в календаре Независимости.

В марте мы отмечаем День Благодарности.

Символично, что – это, одновременно, время создания Ассамблеи народа Казахстана.

В марте наш народ празднует священный Наурыз мейрамы.

Также в марте, по традиции, мы чествуем наших дорогих женщин.

Все эти события консолидируют народ Казахстана.

Именно благодаря единству народа и выверенной политике государства мы смогли с честью пройти все испытания.

Сегодня уже в четырех областях Казахстана – Алматинской, Жамбылской, Западно-Казахстанской и Южно-Казахстанской открыты монументы Благодарности казахскому народу.

Все эти памятники добровольно построены разными этническими группами Казах-

стана в благодарность земле и народу, поддержавшим их в трудную годину.

И это вызывает ответную благодарность казахского народа за столь глубокое уважение к нашей национальной истории.

Это взаимное уважение и доверие создают единство нашего народа.

Это важное нравственное начинание, которое подтверждает широту души всех казахстанцев.

Я убежден: благодарность возвышает всех.

Каждый казахстанец внёс свой вклад в рост современного Казахстана.

Я особо признателен этнокультурным объединениям.

Вместе – мы прошли очень сложные времена.

Я благодарен нашему народу, который всегда поддерживал меня в решающие моменты Независимости.

На всех прошедших президентских выборах народ едино-

душно поддерживал и избирал меня.

Это самая высшая награда для меня.

Именно это придавало сил для работы.

Я работал, работаю и буду работать над тем, чтобы наш народ уверенно смотрел в завтрашний день.

Именно поэтому сегодня в Парламенте Республики Казахстан я обращаюсь к моему народу с новыми социальными инициативами.

Я уже давно обдумывал этот шаг.

Но Казахстану нужно было накопить силы и средства.

И вот – время пришло!

Время предпринять конкретные усилия по укреплению социального единства нашего общества.

И сделать это через масштабные социальные проекты.

Государство идёт на такие, по существу, кардинальные меры.

## Дорогие друзья!

Сегодня мы готовы сделать новый, масштабный шаг по пути социальной модернизации.

Я предлагаю **Пять Президентских социальных инициатив**.

### Первая инициатива: «Новые возможности приобретения жилья для каждой семьи».

Мы много сделали за последние годы для того, чтобы расширить возможности наших граждан в приобретении жилья.

За 2017 год введено 11,2 млн м<sup>2</sup> жилья.

Это рекордная цифра.

Однако этого не достаточно.

До сих пор немало семей не имеют собственного жилья.

Это проблема исключительной социальной значимости.

Надо создать все условия для её решения, повысив доступность жилищной ипотеки для широких масс.

Нужны механизмы предоставления дешёвых ресурсов, когда каждый работающий сможет купить квартиру в кредит и обслуживать этот займ с учётом возможностей семейного бюджета.

Поэтому я предлагаю запустить программу «7 – 20 – 25».

Каждый работающий казахстанец будет иметь возможность получить ипотечный займ в тенге по следующим условиям.

Ставка вознаграждения по кредиту – не более 7 процентов в год, а не 14-16% как сейчас.

Если сегодня банки требуют первоначальный взнос до 30%, а иногда и до 50%, то по этой программе первоначальный взнос не должен превышать 20%.

Идея «Казахстан – наш общий дом» должна наполниться новым осязаемым смыслом.

Учитывая важность новых предложений, я инициировал созыв этого совместного заседания Палат Парламента и Правительства, чтобы обсудить с вами мои новые социальные инициативы, направленные на дальнейшее улучшение благосостояния каждого казахстанца.

Сразу хочу сказать: всё, что будет сегодня предложено – это просчитанная программа.

Это рациональный, и вместе с тем, оптимистичный проект на благо народа.

Я убежден: процветающий Казахстан – это, прежде всего, уверенные в себе люди, чувствующие защиту, поддержку и заботу государства и отвечающие ему взаимностью и патриотизмом.

Поэтому мы открываем сегодня путь к новым масштабным социальным проектам.

Срок кредита не 10-15 лет, а до 25 лет, чтобы снизить для людей размеры ежемесячных платежей.

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

«Жеті – Жиырма – Жиырма бес» бағдарламасы арқылы ипотекалық несиенің:

- жылдық мөлшерлемесі 7 проценттен аспайтын;

- бастапқы жарнасы 20 процентке дейін;

- мерзімі 25 жылға дейін болады.

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

Для этого необходимо задействовать возможности Национального банка, банков второго уровня и фондового рынка.

Нацбанку необходимо создать специальную компанию,

которая привлечёт не менее 1 триллиона тенге и направит на выкуп новых ипотечных кредитов, предоставленных банками на вышеназванных условиях.

Реализация программы даст мощный импульс жилищному строительству.

В итоге, повысится доступность приобретения жилья для миллионов казахстанцев.

Это так же будет работать на рост экономики, малого и среднего бизнеса, создаёт новые рабочие места.

Мечты многих наших граждан станут реальностью!

### Вторая инициатива: «Снижение налоговой нагрузки для повышения заработной плат низкооплачиваемых работников».

Салыстырмалы түрде төмен жалақы алатын қазақстандықтарды қолдау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап олардың салық жүктемесін 10 есеге азайтып, 1 процент қана салық салуды ұсынамын.

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

В целях поддержки работающих казахстанцев с относительно низким размером заработной платы предлагаю с 1 января 2019 года снизить их налоговую нагрузку в 10 раз – до 1%.

Снижение налоговой нагрузки через индивидуальный подоходный налог надо сделать для тех, кто получает оплату труда не более 25-кратного размера минимального расчётного показателя в месяц.

При этом необходимо, чтобы высвобождаемые средства от такого снижения были направлены на увеличение оплаты их труда.

В результате, у не менее одной трети наёмных работников страны, это более 2 миллионов человек, вырастет заработная плата без увеличения нагрузки на работодателей.

В дальнейшем Правительству нужно изучить возможности внедрения прогрессивной шкалы подоходного налога.

### Третья инициатива: «Повышение доступности и качества высшего образования и улучшение условий проживания студенческой молодёжи».

Сегодня в вузах страны обучаются более 530 тысяч молодых людей, из них почти 30% – по грантам, выделяемым государством.

Для повышения доступа и качества высшего образования предлагаю следующие меры.

В 2018-19 учебном году надо выделить дополнительно 20 тысяч грантов к 54 тысячам, выделяемым ежегодно.

Из них 11 тысяч – на обучение бакалавров по техническим специальностям.

Это позволит подготовить тысячи и тысячи специалистов, которые будут востребованы в новой экономике в условиях четвёртой промышленной революции.

Речь идёт, прежде всего, об инженерах, специалистах в области информационных технологий, робототехники, нанотехнологий.

И это тоже забота государства о нашей молодёжи.

Необходимо повысить стоимость новых грантов во всех вузах по техническим и сельскохозяйственным специальностям до уровня грантов в национальных вузах.

Эти меры будут способствовать увеличению охвата высшим образованием выпускников средних школ, что является общемировым трендом.

Это вложения в человеческие ресурсы.

Создавая систему образования по мировым стандартам, нужно уделять должное внимание условиям обучения и проживания студентов.

Сегодня остро стоит вопрос

обеспечения студентов вузов и колледжей общежитиями.

Для решения этой задачи надо развернуть работу по строительству общежитий вузами, колледжами, девелоперскими компаниями на принципах государственно-частного партнёрства.

Государство, со своей стороны, через Министерство образования и науки будет гарантировать постепенное возмещение части инвестиций, направляемых на строительство общежитий.

Поручаю до конца 2022 года обеспечить строительство новых студенческих общежитий не менее чем на 75 тысяч мест.

Это позволит полностью решить вопрос с учётом роста потребности в ближайшие годы.

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

Қазір жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-19 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлу керек.

Оның 11 мыңы жаңа экономикаға қажетті техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады.

Сонымен бірге, 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жатақхана салуды тапсырамын.

Бұл алдағы жылдарда өсе түсетін сұранысты ескергеннің өзінде жатақхана тапшылығын біржола шешеді.

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

### Четвёртая инициатива: «Расширение микрокредитования».

В рамках проводимой работы по развитию массового предпринимательства среди самозанятого и безработного населения наиболее эффективным является механизм предоставления льготных микрокредитов.

В 2017 году было выдано 7200 микрокредитов на сумму 32 миллиарда тенге.

При этом ещё 5 тысяч человек, обучившихся по проекту «Бастау Бизнес», не смогли получить микрокредиты на начало собственного дела.

\*\*\* \*\*

Биыл қазақстандықтарға берілетін шағын несиені былтырғымен салыстырғанда 20 миллиард теңгеге көбейтуді тапсырамын.

Сонда оның жалпы сомасы жылына 62 миллиард теңге болады.

Нәтижесінде несие алып, ісін бастайтын азаматтардың саны былтырғыдан 2 есеге артып, 14 мыңға жетеді.

\*\*\* \*\*

Поручаю в 2018 году выделить дополнительно 20 миллиардов тенге, доведя общую сумму микрокредитования до 62 миллиардов тенге.

В результате общий охват микрокредитованием составит более 14 тысяч человек, что в два раза превысит уровень 2017 года.

Эту работу следует активно продолжать и в последующие годы.

Значимость этой инициативы в том, что она позволит тысячам людей открыть своё собственное дело.

Хотел бы подчеркнуть, что это особенно важно для сельской местности, для развития предпринимательства на селе.

**Пятая инициатива: «Дальнейшая газификация страны».**

За годы независимости добыча газа в стране увеличилась с 8 до 52 миллиардов кубометров в год и будет расти дальше.

На сегодня уровень газификации населения в стране составляет почти 50%.

Газифицировано девять областей.

При этом центральные и северные регионы страны всё ещё остаются без газа.

\*\*\* \*\*

Біз Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана бағыты бойынша магистральді газ құбырын салуымыз керек.

Бұл 2 миллион 700 мың адамды газбен қамтамасыз етумен қатар, Арқаның экологиялық жағдайына зор ықпал етеді.

Астананың өзінде зиянды қалдықтардың ауаға таралуы 6 есеге немесе жылына 35 мың тоннаға азаяды.

\*\*\* \*\*

Нам надо реализовать проект по строительству магистрального газопровода по маршруту Караозек (Кызылординская область) – Жезказган – Караганда – Темиртау – Астана.

Для этого требуется привлечь соответствующие сред-

ства, в том числе от международных финансовых институтов.

Это позволит не только обеспечить газом 2,7 миллиона человек, но и создать новые производства малого и среднего бизнеса.

Также улучшится экология.

Только в Астане перевод на газ снизит вредные выбросы в атмосферу в 6 раз или на 35 тысяч тонн в год.

Реализация этого проекта даст возможность в дальнейшем газифицировать и другие регионы.

Вот Пять Президентских инициатив.

Их реализация позволит создать новые рабочие места и будет способствовать дальнейшему росту экономики страны.

Поручаю Правительству и Нацбанку детально проработать механизмы их реализации.

Прошу депутатов Парламента своевременно внести необходимые изменения в законодательство.

Учитывая абсолютную значимость этих инициатив, требуется широкое обсуждение подходов по их эффективной реализации.

Также важно провести разъяснительную работу среди населения и бизнеса.

Партия «Нұр Отан» возьмёт под контроль исполнение этих важных для народа мер.

**Уважаемые соотечественники!**

Новые меры государства станут ощутимыми для всех казахстанцев, для всех граждан нашей страны.

Общество получит новую возможность планировать будущее, прочно связав свою судьбу с Казахстаном.

Считаю, что необходимо закрепить эту программу законодательно.

Реализация программы наполнит конституционную норму о «социальном государстве» новым конкретным содержанием.

В современных глобальных условиях национальное единство – это социальное единство, а состоявшееся государство – это социальное государство.

Мы смотрим вперед, а не назад.

И я уверен, что вместе мы обязательно сформируем реалистичную, прагматичную казахстанскую модель социального государства и национального благополучия.

**Ардақты ағайын!**

Бүгінгі бастамалар еліміз тұтас, қоғамымыз тұрақты болса ғана табысты жүзеге асады.

Ал, ел бірлігі – ең бірінші, қазақтың бірлігі.

Жаһандық көштің басында жүретін мерейлі ел болу үшін бірлік пен ынтымақ алдымен өзімізге, қазаққа керек.

Тарихтың өзі дәлелдеген бір ақиқат бар – халқымыз бірлікте болса күшейген, бірлігі қашса әлсіреген.

Қасқа жолды Қасым хан жұртын жұдырықтай білгенінің арқасында қазіргі қазақ жерінің негізгі аумағын біріктірді.

«Ел бірлігі – ел теңдігі» деген – осы!

«Қазақ ордасының Ликургы» – Өз Тәуке елін татулыққа ұйыта білгендіктен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнатты.

«Байлық – байлық емес, бірлік – байлық» деген сөз сол

заманнан қалған қағида.

Ел басына күн туған кезде барша қазақ Абылай ханның ақ туының астына жиналған соң ғана жерін жаудан тазарта алды.

«Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады» деп бабаларымыз осыны айтқан.

Қазақтың осынау 3 ханы – ел тарихындағы 3 асқар тау, оларды асқақтатқан – ел бірлігі.

Сонымен бірге, алтыбақан алауыздықтың кесірінен еліміз аңырап, жеріміз қаңырап қалған кездер де аз емес.

Бұл да – тарихтың ащы сабағы.

«Өткенге қарап, ертеңді түзе» деген өсиет бар, себебі, өткеннің өнегесі – бүгінгі күннің баға жетпес байлығы.

Осыны жадында тұтып, тарихтан тағылым ала білген халқымыз Тәуелсіздік дәуірінде татулық пен бірліктің, тыныштық пен

тұрақтылықтың арқасында талай табыстарға кенелуде.

Табысымызды еселеп, Тәуелсіздігімізді баянды ете түсу үшін бізге балтала-са да бұзылмайтын берік ауызбіршілік керек.

Берекеді бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп жоқ.

Ел мен жердің иесі ретінде Қазақстандағы жақсы мен жаманның бәріне қазақ жауапты.

Осы ұлы жауапкершілікті сезініп, барша ұлыстардың ұйытқысы болып, өзгеге өнеге көрсете білейік.

Сонда ғана, халқымыздың атын иеленген қасиетті Қазақстанымыз көркейіп, дами береді.

Еліміздің көңілі жайлы, тұрмысы майлы болады.

Осыны үнемі есте тұтып, тың міндеттерді тындырымды жұмысқа ұластырайық!

Іске сәт!

Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі  
Пресс-служба Президента Республики Казахстан



11.01.2018

Мемлекет басшысы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүесін жетілдіруге бағытталған «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

24.01.2018

**Есеп комитетінде ЭЫДҰ өкілдерімен кездесу өтті**

Кездесу «Қазақстан Республикасының бюджет жүйесін шолу: бюджеттік реттеудегі үздік халықаралық практиканы имплементациялау жөніндегі стратегия (бюджет саясатын оңтайландыру)» жобасын ЭЫДҰ-ның іске асыруы шеңберінде өтті. ЭЫДҰ өкілдерімен Есеп комитетінің мүшесі Әділғазы Бергенев пен құрылымдық бөлімшілердің басшылары кездесті.

Жоғары мемлекеттік аудит органының мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлі мен орны, оның негізгі міндеттері мен функциялары, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңға сәйкес Есеп комитетіне қосымша жүктелген өкілеттіктер, соның ішінде

11.01.2018

Главой государства подписан Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле», направленный на совершенствование системы государственного аудита и финансового контроля.

республикалық бюджет жобасына оның шығыстарының негізгі бағыттары бойынша алдын ала бағалау жүргізу бойынша өкілеттіктер талқыланды. Аудиторлық іс-шараларды жоспарлау мен жүргізу, тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану, сарапшыларды тарту, аудит объектілеріне жолданатын ұсынымдарды әзірлеу, Есеп комитеті қызметінің айқын және ашық болуы мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Бұдан басқа, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, мемлекеттік аудиторларды сертификаттауды өткізу мәселелері қаралды.

Кездесудің соңында тараптар бюджет қаражатын пайда-

лану тиімділігін арттыру және қаржылық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында одан әрі ынтымақтастыққа дайын екенін білдірді.

**Анықтама ретінде:**  
ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) – дамыған елдердің халықаралық экономикалық ұйымы, 1961 жылы құрылған. ЭЫДҰ миссиясы бүкіл әлемдегі адамдардың экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын жақсартатын саясатқа жәрдемдесу болып табылады.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

24.01.2018

**В Счетном комитете состоялась встреча с представителями ОЭСР**

Встреча состоялась в рамках реализации ОЭСР проекта «Обзор бюджетной системы Республики Казахстан: Стратегия по имплементации лучшей международной практики в бюджетном регулировании (Оптимизация бюджетной политики)».

С представителями ОЭСР встретились член Счетного комитета Адылғазы Бергенев и руководители структурных подразделений Счетного комитета.

Обсуждены роль и место высшего органа государственного аудита в системе государственного управления, его основные задачи и функции, дополнительные полномочия, возложенные на Счетный комитет в соответствии с Законом «О государственном ау-

дите и финансовом контроле», в том числе по проведению предварительной оценки проекта республиканского бюджета по основным направлениям его расходов.

Особое внимание было уделено вопросам планирования и проведения аудиторских мероприятий, использования системы управления рисками, привлечения экспертов, разработки рекомендаций, направляемых объектам аудита, прозрачности и открытости деятельности Счетного комитета.

Кроме того, рассмотрены вопросы повышения квалификации работников органов государственного аудита и финансового контроля, проведения сертификации государственных аудиторств.

В завершение встречи стороны выразили готовность в дальнейшем сотрудничестве в целях повышения эффективности использования бюджетных средств и предупреждения финансовых нарушений.

**Справочно:**  
ОЭСР (Организация экономического сотрудничества и развития) – международная экономическая организация развитых стран, образована в 1961 году. Миссия ОЭСР заключается в содействии политике, которая улучшает экономическое и социальное благосостояние людей во всем мире.

**Пресс-служба Счетного комитета**

05.02.2018

**Есеп комитетінің жұмыскерлері ASOSAI WGEA-ның жұмыс отырысы мен семинарына қатысты, Тайланд**

Іс-шараларға ASOSAI-ға мүше 23 мемлекеттің жоғары мемлекеттік аудит (бақылау) органдарының өкілдері қатысты.

6-шы Жұмыс отырысының барысында ASOSAI-дың қоршаған ортаға аудит жүргізу жөніндегі сараптамалық командасын құруға, осы тақырып бойынша қатар аудит жүргізуге байланысты мәселелер талқыланды.

ASOSAI WGEA-ның 7-ші семинарына қатысушылар қоршаған ортаға аудитті ұйымдастыру мен жүзеге асыру бойынша пікірлермен және тәжірибемен алмасты, сондай-ақ аудиттің осы түрін жүргізу кезінде IT-

технологияларды қолдану мәселелерін талқылады.

Бұдан басқа, күн тәртібінің мәселелері бойынша, соның ішінде қызметтің аталған бағыты бойынша ASOSAI-ға қатысушы елдердің жоғары мемлекеттік аудит (бақылау) органдарының озық тәжірибесіне арналған Қоршаған орта форумы шеңберінде қатысушылардың есептері тыңдалды.

Іс-шаралардың қорытындылары бойынша келесі отырыспен семинарды 2020 жылы Бутанда, 2022 жылы Қазақстан Республикасында өткізу туралы шешім қабылданды.

**Анықтама ретінде:**  
ASOSAI (Азия жоғары мемлекеттік аудит органдарының ұйымы) – өзінің құрамында азия және тынық мұхиты өңірінің 46 елінің жоғары қаржылық бақылау органдарын біріктіретін ұйым. 1979 жылы құрылған. ASOSAI-дың жоғары органы болып 3 жылда бір рет өткізілетін Ассамблея болып табылады. Есеп комитеті ASOSAI-ға 2000 жылдан бастап мүше болып табылады.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

05.02.2018

**Работники Счетного комитета приняли участие в рабочем заседании и семинаре ASOSAI WGEA, Таиланд**

В мероприятиях приняли участие представители высших органов государственного аудита (контроля) 23 государств-членов ASOSAI.

В ходе 6-го Рабочего заседания обсуждены вопросы, связанные с созданием экспертной команды ASOSAI по аудиту окружающей среды, проведением параллельного аудита по данной тематике.

Участники 7-го семинара ASOSAI WGEA обменялись мнениями и опытом по организации и осуществлению аудита окружающей среды, а также обсудили проблемы применения

IT-технологий при проведении данного вида аудита.

Кроме того, были заслушаны отчеты участников по вопросам повестки дня в том числе в рамках Форума окружающей среды, посвященного передовой практике высших органов государственного аудита (контроля) стран-участниц ASOSAI по данному направлению деятельности.

По итогам мероприятий принято решение о проведении следующих заседания и семинара в 2020 году в Бутане, в 2022 году – в Республике Казахстан.

**Справочно:**  
ASOSAI (Азиатская организация высших органов государственного аудита) – организация, объединяющая в своем составе высшие органы финансового контроля 46 стран азиатско-тихоокеанского региона. Создана в 1979 году. Высшим органом ASOSAI является Ассамблея, проводимая один раз в 3 года. Счетный комитет является членом ASOSAI с 2000 года.

**Пресс-служба Счетного комитета**



**Есеп комитетінің делегациясы Беларусь Республикасының жоғары мемлекеттік аудит органына жұмыс сапарымен барып қайтты**

Сапар барысында Беларусь Республикасының Мемлекеттік бақылау комитеті Төрағасымен Леонид Анфимовпен кездесу өтті.

Есеп комитетінің делегациясы Беларусь Республикасының жоғары мемлекеттік аудит органы қызметінің негізгі бағыттарымен танысты.

Жұмысты ұйымдастыру мен жоспарлау, соның ішінде қаржылық бақылау (аудит) жүргізудің негізін әзірлеу, мемлекеттік активтерді басқару, бақылау (аудиторлық) іс-шараларының сапа бақылауын жүргізу, бұзушылықтардың алдын алу және оларды жою бойынша ұсынымдарды әзірлеу, олар орындалмаған жағдайда ден қою мәселелері талқыланды.

Тиімділік аудитіне көшу жағдайында қаржылық бұзушылықтарға талдау жасау және анықталған кемшіліктердің экономика салаларының дамуына әсерін бағалау бөлігінде біліммен және тәжірибемен сындарлы алмасу болды.

Бюджет процесіне кез келген қатысушының бюджет қаражатын пайдалануына онлайн-режимде мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы аудит процестерін автоматтандыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Есеп комитетінің делегациясы Беларусь Республикасы Мемлекеттік бақылау комитетінің Ахуал орталығы қызметімен танысты.

Беларусь жоғары мемлекеттік бақылау органының құқық қорғау органдарымен, бақылау-қадағалау қызметін атқаратын орталық мемлекеттік органдармен және өңірлік құрылымдармен өзара іс-қимылы мәселелері қаралды.

Сапардың соңында екі жақ Қазақстан мен Беларусьтың жоғары мемлекеттік бақылау (аудит) органдары арасында екіжақты ынтымақтастықты нығайту, соның ішінде бірлескен және қатар бақылау

(аудиторлық) іс-шараларын, аудиторлардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында семинарлар, тренингтер өткізу және өзара практикалық тәжірибе алмасу жолымен нығайту қажеттігі туралы шешім қабылдады.

Бұдан басқа, белорусьтық әріптестер Есеп комитетінің мемлекеттік аудиторларды сертификаттау, олардың біліктілігін арттыру және «мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша кадрлар даярлау жүйесін енгізу мәселелеріндегі тәжірибесін пайдалануға қызығушылықтарын білдірді.

Қазақстанның Есеп комитеті үйлестірушісі болып табылатын Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) қатысушы елдер жоғары мемлекеттік аудит (бақылау) органдарының ЕАЭО органдарына 2018 жылы сыртқы аудит жүргізуінің мерзімдері талқыланды.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**



**Делегация Счетного комитета посетила с рабочим визитом высший орган государственного контроля Республики Беларусь**

В ходе визита состоялась встреча с Председателем Комитета государственного контроля Республики Беларусь Леонидом Анфимовым.

Делегация Счетного комитета ознакомилась с основными направлениями деятельности высшего органа государственного контроля Республики Беларусь.

Обсуждены вопросы организации и планирования работы, в том числе разработки методологии проведения финансового контроля (аудита), управления государственными активами, проведения контроля качества контрольных (аудиторских) мероприятий, разработки рекомендаций по предотвращению и устранению нарушений, реагирования в случае их неисполнения.

Состоялся конструктивный обмен знаниями и опытом в части осуществления анализа финансовых нарушений в условиях перехода на аудит эффективности и оценки влияния выявленных недостатков на развитие отраслей экономики.

Особое внимание уделено вопросам автоматизации процессов аудита с применением информационных технологий, позволяющих в онлайн-режиме проводить мониторинг использования бюджетных средств любым участником бюджетного процесса.

Делегация Счетного комитета ознакомилась с деятельностью Ситуационного центра Комитета государственного контроля Республики Беларусь.

Рассмотрены вопросы взаимодействия высшего органа государственного контроля Беларуси с правоохранительными органами, центральными государственными органами и региональными структурами, осуществляющими контрольно-надзорную деятельность.

Обсуждены сроки проведения в 2018 году внешнего аудита органов Евразийского экономического союза (ЕАЭС) высшими органами государственного аудита (контроля) стран-участниц ЕАЭС, координатором проведе-

ния которого является Счетный комитет Казахстана.

Кроме того, белорусские коллеги выразили заинтересованность в использовании опыта Счетного комитета в вопросах внедрения системы сертификации государственных аудиторов, повышения их квалификации и подготовки кадров по специальности «государственный аудит».

По завершении визита стороны приняли решение о необходимости укрепления двустороннего сотрудничества между высшими органами государственного контроля (аудита) Казахстана и Беларуси, в том числе путём проведения совместных и параллельных контрольных (аудиторских) мероприятий, семинаров, тренингов в целях повышения профессионального уровня аудиторов и взаимного обмена практическим опытом.

**Пресс-служба  
Счетного комитета**

**Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссияның отырысы өтті**

Есеп комитетінде Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссияның отырысы өтті.

Ұлттық комиссияның мүшелері үміткерлердің кәсіби, іскерлік қасиеттері мен әлеуетті мүмкіндіктеріне баға берді.

Есеп комитетінің, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Астана қаласы тексеру комиссияларының, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Алматы, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының Ішкі мемлекеттік аудит департаменттерінің, сондай-ақ «Астана медицина

университеті» АҚ қызметкерлерімен әңгімелесу өткізілді.

Отырыстың қорытындысы бойынша «жоғары санатты мемлекеттік аудитор» біліктілігі 3 үміткерге, «мемлекеттік аудитор» біліктілігі 21 үміткерге беріліп, 9 үміткерге беруден бас тартылды.

**Анықтама үшін:**  
Сертификаттауды Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия жүргізеді, оның құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінен бір өкіл, Қазақстан Республикасының Үкіметінен бір өкіл, Есеп комитетінен бес өкіл, ішкі мемлекеттік аудит

жөніндегі уәкілетті органнан бес өкіл, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары (келісу бойынша) кіреді.

Есеп комитеті Ұлттық комиссияның жұмыс органы болып табылады, ол берілген ұсыныстар негізінде саны кемінде он төрт адам болатын комиссияның дербес құрамын бекітеді.

Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау олардың білімін растауды және мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларында айқындалатын тәртіппен әңгімелесуді қамтиды.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

19.02.2018

**Состоялось заседание Национальной комиссии по сертификации лиц, претендующих на присвоение квалификации государственного аудитора**

В Счетном комитете состоялось заседание Национальной комиссии по сертификации лиц, претендующих на присвоение квалификации государственного аудитора.

Членами Национальной комиссии дана оценка профессиональных, деловых качеств и потенциальных возможностей кандидатов.

Собеседования проведены с работниками Счетного комитета, ревизионных комиссий по Акмолинской, Актюбинской, Алматинской, Западно-Казахстанской, Карагандинской, Южно-Казахстанской областям и городу Астане, Министерства оборонной и аэрокосмической промышленности, Департамента внутреннего государственного аудита Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов по Алматы-

ской, Кызылординской, Мангистауской областям, а также АО «Медицинский университет Астана».

По итогам заседания квалификация «государственный аудитор высшей категории» присвоена 3 кандидатам, «государственный аудитор» – 21, отозвано – 9 кандидатам.

**Справочно:**

Сертификация проводится Национальной комиссией по сертификации лиц, претендующих на присвоение квалификации государственного аудитора, в состав которой входят: один представитель от Администрации Президента Республики Казахстан, один представитель от Правительства Республики Казахстан, пять представителей от Счетного комитета, пять представителей от уполномочен-

ного органа по внутреннему государственному аудиту, депутаты Парламента Республики Казахстан (по согласованию).

Рабочим органом Национальной комиссии является Счетный комитет, который утверждает персональный состав комиссии в количестве не менее четырнадцати человек на основании представленных предложений.

Сертификация лиц, претендующих на присвоение квалификации государственного аудитора, включает подтверждение их знаний и собеседование в порядке, определяемом правилами сертификации лиц, претендующих на присвоение квалификации государственного аудитора.

**Пресс-служба Счетного комитета**

20.02.2018

**2017 жылғы жұмыстың нәтижелері және алдағы кезеңге арналған міндеттер бойынша Есеп комитетінің кеңесі өтті**

Кеңес барысында Есеп комитетінің 2017 жылғы қызметінің қорытындылары, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған міндеттері талқыланды.

Есеп комитеті 2017 жылы 354 объектіде 25 аудиторлық іс-шара жүргізді. Анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 307 млрд. теңгені құрады, олардың ішінен орындау мерзімдері келгендері бойынша 198,5 млрд. теңге қалпына келтірілді (өтелді). Үкіметке және мемлекеттік органдарға 97 ұсыным мен 409 тапсырма жіберілді.

Есеп комитетінің Төрағасы 2017 жылы алғаш рет республикалық бюджет жобасына шығыстарының негізгі бағыттары бойынша бағалау жүргізіліп, оның қорытындылары бойынша мемлекеттік қаржыны неғұрлым сапалы болжамдауға

бағытталған ұсынымдар әзірленді.

Мемлекеттік аудит органдарының кадрлық әлеуетін нығайту шеңберінде Есеп комитетінің және тексеру комиссияларының 325 тыңдаушысы үшін біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды.

Бұдан басқа, 2017 жылы Сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия жұмысының қорытындылары бойынша мемлекеттік аудитор біліктілігі 61 кандидатқа берілді.

Есеп комитетінің Төрағасы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, соның ішінде аудиторлардың кәсіби және моральдық-этикалық қасиеттеріне қойылатын талаптарды қатаңдату, тікелей байланыстарды азайтуға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал ететін, ау-

дит объектісін қашықтықтан зерделеу практикасын енгізу мәселелеріне жыл бойы ерекше назар аударылды.

«Есеп комитетінің бастамаларын халықаралық деңгейде іске асыру жандандырылды, атап айтқанда ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен бірлескен тексерулер өткізілді», – деді ол.

Отырыс барысында «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңына енгізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіруге, құқықтық олқылықтарды жоюға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар талқыланды.

Бұдан басқа, аудиторлық іс-шараларды ұйымдастыру,

жоспарлау және жүргізу мәселелерінде жекелеген кемшіліктердің болуын айғақтайтын, Есеп комитетінің 2017 жылғы қызметінің сапасын бақылау және ішкі бағалау нәтижелері қаралды.

Кеңес барысында Төрағасы Есеп комитетінің алдында тұрған 2018 жылғы міндеттерге ұжым назарын аударды.

2018 жылы Есеп комитетінің қызметі бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне талдау жүргізуге, бағдарламалық

құжаттар мен бюджеттік бағдарламалардың нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталатынын баса айтты.

«Бұдан басқа, Мемлекет басшысының 2018 жылғы Жолдауында аталған міндеттерді ескере отырып, электрондық мемлекеттік аудитке көшу перспективасымен мемлекеттік аудит органдарының қызметін цифрландыруға назар аударайық», – деп түйіндеді Есеп комитетінің Төрағасы.

Отырыс қорытындылары

бойынша Есеп комитетінің мүшелеріне және құрылымдық бөлімшілердің басшыларына жоспарланған іс-шараларды сапалы және уақтылы іске асыру және мемлекеттік аудит жүргізу кезінде жіберілетін кемшіліктерді жою бойынша жан-жақсы шаралар қабылдау тапсырылды.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

20.02.2018

**Состоялось совещание Счетного комитета по результатам работы за 2017 год и задачам на предстоящий период**

В ходе совещания обсуждены итоги деятельности Счетного комитета за 2017 год, а также задачи на предстоящий период.

Отмечено, что в 2017 году Счетным комитетом проведено 25 аудиторских мероприятий на 354 объектах. Общая сумма выявленных финансовых нарушений составила 307 млрд. тенге, из которых восстановлено (возмещено) с наступившими сроками исполнения 198,5 млрд. тенге. Правительству и государственным органам направлено 97 рекомендаций и 409 поручений.

Председатель Счетного комитета подчеркнул, что в 2017 году впервые проведена оценка проекта республиканского бюджета по основным направлениям расходов, по итогам которой выработаны рекомендации, направленные на более качественное прогнозирование государственных финансов.

В рамках усиления кадрового потенциала органов государственного аудита курсы повышения квалификации организованы для 325 слушателей Счетного комитета и ревизионных комиссий.

Кроме того, по итогам работы Национальной комиссии по сертификации в 2017 году квалификация государственного аудитора присвоена 61 кандидату.

Председатель Счетного комитета отметил, что особое внимание в течение года уделялось вопросам предотвращения коррупции, в том числе ужесточения требований к профессиональным и морально-этическим качествам аудиторов, внедрения практики дистанционного изучения объекта аудита, способствующей минимизации прямых контактов и снижению коррупционных рисков.

«Активизирована реализация инициатив Счетного комитета на международном уровне, в частности, проведены совместные проверки с высшими органами государственного аудита стран-участниц ШОС и государств-членов ЕАЭС», – сказал он.

В ходе заседания также обсуждены изменения и дополнения, внесенные в Закон РК «О государственном аудите и финансовом контроле», направленные на совершенствование системы государственного аудита и финансового контроля, устранение правовых пробелов, профилактику коррупции.

Кроме того, рассмотрены результаты контроля качества и внутренней оценки деятельности Счетного комитета за 2017 год, свидетельствующие о наличии отдельных недостатков в вопросах организации, плани-

рования и проведения аудиторских мероприятий.

В ходе совещания Председатель акцентировал внимание коллектива на задачах, стоящих перед Счетным комитетом в 2018 году.

Он подчеркнул, что в 2018 году деятельность Счетного комитета будет сосредоточена на проведении анализа эффективности использования бюджетных средств, достижения показателей результатов программных документов и бюджетных программ.

«Кроме того, с учетом задач, обозначенных Главой государства в Послании 2018 года, сосредоточим свое внимание на цифровизации деятельности органов государственного аудита с перспективой перехода на электронный государственный аудит», – заключил Председатель Счетного комитета.

По итогам заседания членам Счетного комитета и руководителям структурных подразделений поручено принять исчерпывающие меры по качественной и своевременной реализации запланированных мероприятий и устранению недостатков, допускаемых при проведении государственного аудита.

**Пресс-служба Счетного комитета**

**Есеп комитетінде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тексеру комиссиялары төрағаларының қатысуымен кеңес өтті**

Кеңес барысында тексеру комиссияларының 2017 жылғы қызметінің қорытындылары, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған міндеттері талқыланды.

Есеп комитетінің Төрағасы тексеру комиссиялары қызметінің негізгі қорытындыларын жариялап, 2016 жылмен салыстырғанда жекелеген көрсеткіштер бойынша 2017 жылы оң серпінге қол жеткізілгенін атап өтті.

Тексеру комиссиялары анықтаған бұзушылықтардың жалпы сомасы 1 046,9 млрд. теңгені құрады, аудит объектілеріне жолданған ұсынымдар мен тапсырмалардың шамамен 97%-ы орындалды.

Аудит қорытындылары бойынша бюджет және өзге заңнаманы бұзғаны үшін 19 адам қылмыстық, 792 адам әкімшілік, 2872 лауазымды адам тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Сонымен бірге, тексеру комиссияларының қызметінде олардың жұмысының тиімділігіне әсерін тигізген бірқатар проблемалар мен кемшіліктер бар.

Есеп комитетінің Төрағасы мемлекеттік аудит жүйесін одан әрі дамыту бойынша Мем-

лекет басшысы қойған негізгі міндеттерді атап өтті.

Тексеру комиссияларының кадрлық әлеуетінің жай-күйіне, соның ішінде кадрлардың ауысуы мәселелеріне, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау, аудиторлардың кәсіби және моральдық-этикалық қасиеттеріне қойылатын талаптарды қатаңдату бойынша тиімді шаралар қабылдау қажеттігіне ерекше көңіл бөлінді.

Отырыс барысында «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңына енгізілген, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіруге, құқықтық олқылықтарды жоюға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар да талқыланды.

Кеңес қорытындылары бойынша тексеру комиссияларының төрағаларына кемшіліктерді жою, аудиторлық іс-шараларды жүргізу кезінде талдамалық құраушыны күшейту, соның ішінде тиімділік аудитінің типі бойынша күшейту және бюджет қаражатының

пайдаланылуын бағалау шараларын қабылдау тапсырылды.

**Анықтама ретінде:**  
«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңның 12-бабына сәйкес Есеп комитеті сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың уәкілетті органдарының жұмысын үйлестіру үшін, оның ішінде басқа да мемлекеттік органдармен немесе ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау бойынша құқықтық актілер қабылдайды; тексеру комиссияларына әдістемелік көмек көрсетеді; орталық мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауда тексеру комиссияларының атынан олардың мүддесін білдіреді; Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттарына тексеру комиссиясының төрағасын тағайындауға ұсыныс енгізеді; мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне бағалауды жүзеге асырады.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

**В Счетном комитете состоялось совещание с участием председателей ревизионных комиссий областей, городов Астаны и Алматы**

В ходе совещания обсуждены итоги деятельности ревизионных комиссий за 2017 год, а также задачи на предстоящий период.

Председатель Счетного комитета озвучил основные итоги деятельности ревизионных комиссий и отметил, что по отдельным показателям в 2017 году по сравнению с 2016 годом достигнута положительная динамика.

Общая сумма выявленных ревизионными комиссиями на-

рушений составила 1 046,9 млрд. тенге, показатель исполнения рекомендаций и поручений, направленных объектам аудита – около 97%.

По итогам аудитов за нарушения бюджетного и иного законодательства к уголовной ответственности привлечены 19 лиц, к административной – 792, к дисциплинарной – 2 872 должностных лица.

Вместе с тем, в деятельности ревизионных комиссий имеет-

ся ряд проблемных вопросов и недостатков, отражающихся на эффективности их работы.

Председателем Счетного комитета озвучены основные задачи, поставленные Главой государства, дальнейшему развитию системы государственно-го аудита.

Особое внимание было уделено состоянию кадрового потенциала ревизионных комиссий, в том числе вопросам сменяемости кадров, необходи-

мости принятия эффективных мер по снижению коррупционных рисков и противодействию коррупции, ужесточению требований к профессиональным и морально-этическим качествам аудитором.

В ходе заседания также обсуждены изменения и дополнения, внесенные в Закон РК «О государственном аудите и финансовом контроле», направленные на совершенствование системы государственного аудита и финансового контроля, устранение правовых пробелов, профилактику коррупции.

По итогам совещания председателям ревизионных комиссий поручено принять меры

по устранению имеющихся недостатков, усилению аналитической составляющей при проведении аудиторских мероприятий, в том числе по типу аудита эффективности и оценки использования бюджетных средств.

**Справочно:**  
В соответствии со статьей 12 Закона «О государственном аудите и финансовом контроле» Счетный комитет принимает правовые акты для координации работы уполномоченных органов внешнего государственного аудита и финансового контроля, в том числе по взаимодействию с другими государственными органами

или организациями; оказывает методическую помощь ревизионным комиссиям; представляет от имени ревизионных комиссий их интересы во взаимодействии с центральными государственными органами; по согласованию с Администрацией Президента Республики Казахстан вносит маслихатам областей, городов республиканского значения, столицы представление на назначение председателя ревизионной комиссии; осуществляет оценку деятельности органов государственного аудита и финансово-го контроля.

**Пресс-служба Счетного комитета**

**Мемлекет басшысының Жарлығымен Наталья Николаевна Годунова Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрайымы болып тағайындалды**

Мемлекет басшысының Жарлығымен Наталья Николаевна Годунова Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрайымы болып тағайындалды.

**Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі**

**Указом Главы государства Годунова Наталья Николаевна назначена Председателем Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета**

Указом Главы государства Годунова Наталья Николаевна назначена Председателем Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета.

**Пресс-служба Президента Республики Казахстан**



**Есеп комитетінің мамандары «Жоғары мемлекеттік аудит (бақылау) органдары қызметінің тиімділігін бағалау практикасында сапалы көрсеткіштердің маңыздылығы» тақырыбында Баку қаласында (Әзірбайжан Республикасы) өткен семинарға қатысты**

XVII мен XVIII сессиялар аралығындағы кезеңге ТМД-ға қатысушы елдердің ЖҚБО басшылары Кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген семинарға Әзербайжан Республикасының, Беларусь Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының жоғары мемлекеттік аудит органдарының өкілдері де қатысты.

Семинар барысында жоғары мемлекеттік аудит (бақылау) органдары қызметінің тиімділігін бағалау кезінде қолданылатын қол жеткізілген нәтижелер деңгейін өлшеуге бағытталған көрсеткіштер мен өлшемшарттар талқыланды.

Қатысушылар Есеп комитетінің аудиторлық іс-шараларға сапа бақылауын жүргізу, аудит және қаржылық бақылау

органдарының қызметін бағалау, сондай-ақ осы саладағы тиісті құқықтық базаны әзірлеудегі қазақстанның тәжірибеге қызығушылық тудырды.

Қатысушы жақтар осы мәселелер бойынша тәжірибемен алмасу және ынтымақтастықты кеңейту қажеттігін жалғастыру туралы келісті.



**Анықтама ретінде:**  
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржы бақылау органдары басшыларының кеңесі

2000 жылы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ЖҚБО арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, олардың өзара іс-қимылын үйлес-

тіру мен жұмыс тәжірибесін бөлісу үшін құрылды.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

23.02.2018

**Специалисты Счетного комитета приняли участие в семинаре на тему «Важность качественных показателей в практике оценки эффективности деятельности высших органов государственного аудита (контроля)» в г. Баку (Республика Азербайджан)**

В семинаре, проведенном в соответствии с Планом работы Совета руководителей ВОФК государств-участников СНГ на период между XVII и XVIII сессиями, также участвовали представители высших органов государственного аудита (контроля) Республики Азербайджан, Республики Беларусь, Кыргызской Республики и Российской Федерации.

В ходе семинара обсуждены показатели и критерии, применяемые при оценке эффективности деятельности высших органов государственного ауди-

та (контроля), направленные на измерение уровня достигнутых результатов.

Интерес участников вызвал казахстанский опыт проведения контроля качества аудиторских мероприятий Счетного комитета, оценки деятельности органов государственного аудита и финансового контроля, а также разработки соответствующей правовой базы в данной сфере.

Стороны договорились о продолжении обмена опытом и необходимости расширения сотрудничества по данным вопросам.

**Справочно:**

*Совет руководителей высших органов финансового контроля (ВОФК) государств-участников Содружества Независимых Государств создан в 2000 году для организационного обеспечения сотрудничества между ВОФК государств-участников СНГ, координации их взаимодействия и обмена опытом работы.*

**Пресс-служба Счетного комитета**

28.02.2018

**Есеп комитетінің мамандары Ресей Федерациясының Есеп палатасы ұйымдастырған бейнеконференция режиміндегі жұмыс семинарына қатысты**

XVII және XVIII сессиялар арасындағы кезеңге ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Жоғары қаржылық бақылау органдары (ЖҚБО) басшылары кеңесінің Жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген семинарға Эзербайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей және Тәжікстан жоғары мемлекеттік аудит (бақылау) органдарының өкілдері қатысты.

Өріптестер Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы

туралы жылдық есебіне қорытынды дайындау тәжірибесімен бөлісті.

